КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылғы 11 қаңтар №7119-23-00-2/14009 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.М. Утегенова,
сот отырысының хатшысы Д.Қ.Смагулова болып,
ашық сот отырысында мобильді байланыс және аудио-бейнетүсірілім құралдарын қолданып, келесі арыз бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әскери инфрақұрылым бас басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
"Жан-Ерке и К" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

АРЫЗ БЕРУШІНІҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілдері А.Н Садвакасов, М.К.Набиев,
жауапкердің өкілі А. Азаматқызы,
әскери прокурор Д.Б. Смагулов

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2021 жылғы 01 шілдеде Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әскери инфрақұрылымының Бас басқармасы мен "Жан-Ерке и К" ЖШС арасында Семей қаласының № 4 КЛ-6 кв КС-тан № 3-1, 3-2, 8 Г/Г дейін электрмен жабдықтауды күрделі жөндеу бойынша № 28 шарт жасалды (Бұдан әрі-Шарт) жалпы сомасы 161 771 944,89 теңгеге. Шарт қазынашылықта 12.07.2021 жылы тіркелген.

Документ подписан: Утегенова А. М., 18.01.2024
Дата вступления в законную силу: 21.02.2024, судья Утегенова А. М., 29.02.2024
7119-23-3-1/13830

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Нысанды пайдалануға беру мерзімі 2021 жылғы 30 қараша.

2021 жылғы 29 қарашада Тараптар арасында шартқа № 28/1 қосымша келісім жасалды, оның талаптары бойынша ақшалай қаражат 2021 жылы – 99 343 479 теңге, 2022 жылы – 62 428 465,89 теңге бөлінді. Нысанды пайдалануға беру мерзімі 2022 жылғы 01 Наурыз.

2022 жылғы 28 Ақпанда Тараптар арасында әскерлерді кварталдау бас басқармасынан әскери инфрақұрылымның Бас басқармасына тапсырыс берушінің атауын өзгерту жөнінде шартқа № 28/2 қосымша келісім жасалды.

2022 жылғы 20 маусымда Тараптар арасында шартқа № 28/3 қосымша келісім жасалды, оның талаптары бойынша ақшалай қаражат 2021 жылы – 99 343 479 теңге, 2022 жылы -0 теңге, 2023 жылы – 62 428 465 теңге бөлінді. Нысанды пайдалануға беру мерзімі 2023 жылғы 15 қазан.

2023 жылғы 10 мамырда Тараптар арасында шартқа № 28/4 қосымша келісім жасалды, оның талаптары бойынша шарттың жалпы сомасы 210 125 906 теңгеге дейін ұлғайтылды, ақшалай қаражат 2021 жылы – 99 343 479 теңге, 2022 жылы – 0 теңге, 2023 жылы-110 782 427 теңге бөлінді.

Бүгінгі күні мердігер орындалған жұмыстардың актілерін ұсынды және 62 977 446,32 теңге мөлшерінде жұмыстарға ақы төленді. Бүгінгі таңда 47 804 680,68 теңге сомасында жұмыстар орындалмаған.

Нысанды пайдалануға беру мерзімі 2023 жылғы 15 қазан. Алайда жауапкер белгісіз себептермен тауарды бүгінгі күнге дейін шарттың және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу саласындағы қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес толық көлемде жауаптылықта болуға тиіс, соттан жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және міндеттемелерді тиісті түрде орындамағаны үшін 3 107 325 теңге мөлшерінде шарттық тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарландырылған жауапкер сотқа өкілін жіберген жоқ, сотқа келмеуінің дәлелді себептері туралы хабарлаған жоқ және істі оның өкілінсіз қарауды сұраған жоқ.

Осыған орай, сот Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай – АПК) 196-бабына сәйкес азаматтық істі тараптардың қатысуынсыз қарауға мүмкіндік бар деп санайды.

Прокурор талапкердің талап арызын толық қанағаттандыру туралы қорытынды берді.

<u>ҰӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Азаматтық кодекстің (ары қарай АК) 272-бабына сәйкес Міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Документ подписан: Утегенова А. М., 18.01.2024

Дата вступления в законную силу: 21.02.2024, судья Утегенова А. М., 29.02.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

АК-нің 273-бабына сәйкес Заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

АК-нің 277 –бабына сәйкес егер міндеттемеде ол орындалатын мерзім көзделмесе және бұл мерзімді анықтауға мүмкіндік беретін шарттар болмаса, ол міндеттеме пайда болғаннан кейін ақылға қонымды мерзімде орындалуға тиіс. Ақылға қонымды мерзімде орындалмаған, сол сияқты орындалу мерзімі талап етілетін кезбен белгіленген міндеттемені, егер заңдардан, міндеттеме шарттарынан, іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтардан немесе міндеттеме мәнінен басқа мерзімде орындау міндеті туындамаса, борышқор несие беруші оның орындалуын талап еткен күннен бастап жеті күн мерзімде орындауға міндетті.

Іс-құжаттарын зерделеп, дауды шешу үшін маңызды мән-жайларды анықтап, сот келесі қорытындыға келеді.

Жауапкердің атына жұмыстарды қысқа мерзімде толық көлемде аяқтау және орындалмаған жұмыстар үшін мемлекет кірісіне 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлеу қажеттілігі туралы бірнеше рет шағымданушылар жіберілді.

Шарт 2022 жылдың 30 қарашада әрекет тоқтады.

Аталған құқықтық жағдайды шешу барысында сот бірінші кезекте шарттың елеулі ережелерін реттейтін азаматтық заңнамасының нормаларын басшылыққа алады.

Қазақстан Республикасының АК 393-бабының 1-бөлігіне сәйкес тараптар арасында шарттың барлық елеулі ережелері бойынша тиісті жағдайларда талап етілетін нысанда келісімге қол жеткен кезде шарт жасалды деп есептеледі.

Шарттың мәні туралы ережелер, заңдарда елеулі деп танылған немесе шарттардың осы түрі үшін қажетті ережелер, сондай-ақ бір тараптың мәлімдеуі бойынша келісімге қол жеткізуге тиісті барлық ережелер елеулі ережелер болып табылады.

Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінің қамтылу негіздері Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабы 4-тармағы 3)-тармақшасымен белгіленген, атап айтқанда өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілер тізілімге енгізіледі.

«Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2012 жылғы 14 желтоқсандағы №5 нормативтік қаулысының 5-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасалған шарттар бойынша өздерінің міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талаптарды қарау кезінде соттар әділдік пен парасаттылық өлшемдерін Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 6-бабының 5-бөлігіне сай негізге ала отырып, Қазақстан Республикасының

Документ подписан: Утегенова А. М., 18.01.2024
Дата вступления в законную силу: 21.02.2024, судья Утегенова А. М., 29.02.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Азаматтық Кодексінің 359-бабына сәйкес өнім берушінің кінәсін азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негіздемесі және тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдар ретінде назарға алулары қажет. Шарт тарабына шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалатын шығын келтіруді жағымсыз салдар ретінде түсіну керек.

АК-нің 359-бабы 1-тармағына сәйкес борышқор кінәлі болған кезде егер заңдарда немесе шартта өзгеше көзделмесе, міндеттемені орындамағаны және (немесе) тиісті дәрежеде орындамағаны үшін жауап береді. Егер борышқор міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғанын дәлелдесе ол кінәсіз деп танылады.

Аталған істі қарау барысында шарт талаптарының жауапкермен тиісті түрде орындалмағандығын, яғни тауар мерзімінде жеткізілмегендігін, тапсырыс берушімен өнім берушінің өз міндеттемелерін орындамағандығына байланысты шарт бір жақты тәртіпте бұзылғандығын назарға ала, сонымен қатар мемлекеттік сатып алулар заңнамасының нормаларын басшылыққа ала отырып, сот жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы ретінде тануға заңды негіз бар деп есептейді.

Сот талап қоюшының жауапкерден тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабын шарттың 8.2 тармағына сәйкес Шарттың форс-мажорлық талаптарын қоспағанда, жауапкер тарапынан шарт бойынша жұмыстарды орындау жөніндегі міндеттемелерді орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін ЖББИ шарт шеңберінде өзінің басқа құқықтарына нұқсан келтірместен шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) өндіріп алады. Мерзімі өткен әрбір күн үшін тиісінше орындалмаған міндеттеме сомасының 0,1 %.

АК-нің 293 және 294-баптарына сәйкес міндеттемені орындау, заңдарда немесе шартта көзделген ақша сомасымен айқынд заңды деп есептейді алған тұрақсыздық айыбымен қамтамасыз етілуі мүмкін, оны борышқор міндеттемелерді орындамаған жағдайда несие берушіге төлеуге міндетті.

АК-нің 298-бабына сай міндеттемені бұзғаны үшін борышқор жауапқа тартылатын жағдай болған кезде міндеттеменің орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін тұрақсыздық айыбы өндіріп алынады (осы Кодекстің 359-бабы).

Мерзімі өткен күндер үшін тұрақсыздық айыбының сомасын есептеу келесідей (жұмыстарды орындау мерзімі өткен сәттен бастап сотқа талап арыз беру күніне дейін, яғни 15.10 бастап. 2023 жылдан 19.12.2023 жылға.

47 804 680,68 теңге (орындалмаған міндеттемелер сомасы) * 0,1% (тұрақсыздық айыбының пайызы) = 47 805 теңге (мерзімі өткен 1 күн үшін тұрақсыздық айыбының сомасы) * 65 (мерзімі өткен күндер) = 3 107 325 теңге (тұрақсыздық айыбының сомасы)

Осыған байланысты жауапкерден 3 107 325 теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіру қажет деп санайды.

Сот жауапкерді тұрақсыздық айыбын төлеу бойынша жауаптылықтан босату үшін негіздер анықтамайды.

Документ подписан: Утегенова А. М., 18.01.2024

Дата вступления в законную силу: 21.02.2024, судья Утегенова А. М., 29.02.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

АПК-нің 117-бабына сай жауапкерден сот шығындары өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап арызы – қанағаттандырылсын.

"Жан-Ерке и К" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

"Жан-Ерке и К" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 3 107 325 тенге (үш миллион жүз жеті мың үш жүз жиырма бес) теңге тұрақсыздық айыбы және 31 073 (отыз бір мың жетпіс үш) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

"Жан-Ерке и К" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге іске қатысқан тұлғалар апелляциялық шағымды, прокурор апелляциялық өтінішхатты АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар оларға шешімнің көшірмесі жіберілген күннен бастап сол мерзімде беруі мүмкін.

Судья **Утегенова А.М.**

Документ подписан: Утегенова А. М., 18.01.2024

Дата вступления в законную силу: 21.02.2024, судья Утегенова А. М., 29.02.2024